

## Шиелі ауданының кейбір ауылдарын қайта атау туралы

Бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 29 наурыздағы № 1079 қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 194 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 сәуірде № 6258 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 7 ақпандағы № 1 қорытындысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Шиелі ауданының кейбір ауылдары:

1) Шиелі ауданының Сұлутөбе ауылдық округінің Бірлестік ауылы "Жаназар батыр" ауылы;

2) Шиелі ауданының Қоғалы ауылдық округінің Ботабай ауылы "Тұрсынбай датқа" ауылы болып қайта аталсын.

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі  
Қызылорда облыстық  
мәслихатының кезекті  
19-сессиясының төрағасы,  
облыстық мәслихат хатшысы

\_\_\_\_\_ К. Көшербаев

\_\_\_\_\_ Н. Байқадамов